Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

26 қараша сенбі
№94 (1898)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҰҚШҰ-ны қазақ басқарады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ереванда өткен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің отырысына қатысты. Ел президенті ҰҚШҰ аясындағы ынтымақтастықтың түрлі бағытына қатысты еліміздің ұстанымын жеткізді.

Ұйымға мүше елдер басшыларының қорытынды кездесуі күрделі гео-саяси қайшылықтар мен бұрын-соңды болмаған сын-қатерлер жағдайында өтіп жатқанын айтты. Мұндай жағдайда ашық, шынайы, сындарлы диалогті сақтау және дамыту маңызды екенін жеткізді. Сонымен қатар ел президенті Украина төңірегіндегі жанжалды шешудің бейбіт жолдарын іздеуге шақырды.

– Украина мәселесіне келер болсақ, бейбітшілік формуласын бірлесе қарастыратын уақыт келді деп ойлаймын. Кез келген соғыс бейбіт келіссөзбен аяқталады. Бітімге келудің кез келген мүмкіндігін пайдалану керек. Ыстанбұлдағы келіссөз раунды үміт сыйлаған еді, бірақ түрлі себептермен іске аспады. Ондаған, жүздеген жылдарға созылатын өкпереніштен бауырлас орыс және украин халықтары арасының алшақтауына жол бермеу керек, – деді Мемлекет басшысы.

Жиынның маңызды жаңалығының бірі ҰҚШҰ Бас хатшысы қызметін қазақ басқаратын болды. Жоспарланған ротация аясында мемлекет басшылары Қазақстан өкілі Иманғали Тасмағамбетовті 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап үш жыл мерзімге ҰҚШҰ Бас хатшысы қызметіне тағайындау туралы шешім қабылдады.

ТАРИХИ СӘТ

БҮГІН ПРЕЗИДЕНТ АНТ БЕРЕДІ

Қазақ үшін барыс жылы тарихи сәттерге толы болып тұр. Биылғы жыл жайлы айтқанда қаңтардың қасіретін сөз етпеу мүмкін емес. Иә, қуанышы мен қайғысы, жақсылығы мен жамандығы қатар жүретін мынау бес күн жалғанда елдіктің еңселі тұғырын құлатып алмай, қастерлі тәуелсіздігімізді сақтап қалу бәрінен маңызды. Тәуелсіз Қазақстанның тарихына 2022 жылдың басы қасіретті, қанды қаңтар ретінде енетіні де жасырын емес. Биылғы оқиғаларды тізбектесең талай томға жүк боларлық дүние шығады. Оны осы сөзді жазып отырған мына біз де білеміз, біздің газетке жазылған ойлы оқырман да біледі. Дегенмен барыс жылындағы тарихи оқиғаның бірі ретінде президент сайлауын атап өтер едік.

Өткен жексенбіде, яғни 20 қарашада елімізде президент сайлауы өтіп, Қазақстан халқы өз таңдауын жасады. Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс өткізілген президент сайлауының нақты қорытындысын жариялады. Сайлаушылардың 81,31 пайыз сеніміне ие болған Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Президенті ретінде тіркелді. Осылайша жаңадан сайланған Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Президент ретінде 26 қараша күні ант беретін болды. Бүгін – президенттің ел алдында ант беретін күні.

Бұл туралы мәлімдеген орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров аса маңызды саяси додада Қасым-Жомарт Тоқаевқа 6 млн 456 мың 392 сайлаушы дауыс бергенін жеткізіп, өзге де үміткерлер жинаған дауыс көрсеткішін баяндады. Бұл ретте 271 мың 641 сайлаушы (3,42 пайыз) Жигули Дайрабаевқа, 206 мың 206 (2,6 пайыз) адам Қарақат Әбденге, 200 мың 907 (2,53 пайыз) сайлаушы Мейрам Қажыкенге, 176 мың 116 азамат (2,22 пайыз) Нұрлан Әуесбаевқа және 168 мың 731 сайлаушы (2,12 пайыз) Салтанат Тұрсынбековаға дауыс берген. Осы жолы енгізілген «Бәріне қарсымын» бағанын 460 мың 484 (5,8 пайыз) сайлаушы белгілеп отыр.

– Сайлаудың алдын ала қорытындылары ресми келіп түскен хаттамалармен расталды. Қазақстан Республикасының сайлау туралы Конституциялық заңының 9-бабы 1-тармағына, 65-бабына сәйкес, дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 50 пайыздан астамының дауысын алған кандидат республика президенті болып саналады. Осылайша 2022 жылғы 20 қарашадағы кезектен тыс сайлауда Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды, – деді Нұрлан Әбдіров.

Жалпы еліміз бойынша сайлаушылар саны 11 млн 953 мың 465 адамды құраған. Оның 69,44 пайызы, яғни 8 млн 300 мың 46 адам дауыс берген. Сайлау күні президенттікке үміткерлердің 11 мыңнан аса сенімді өкілі, халықаралық ұйымдардың 641, саяси партиялардың 15,5 мыңнан аса, қоғамдық бірлестіктерден 30 мыңнан аса байқаушы сайлау барысын бақылаған. Сонымен қатар осы саяси науқанда БАҚ өкілдерінің белсенділігі де көрінді. Сайлау учаскелерінде 1225 қазақстандық, 23 елден 41 шетелдік ақпарат құралдарының аккредиттелген өкілдері тынымсыз ақпарат таратып отырған.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы президент сайлауы ұлттық заңнама мен халықаралық міндеттемелерге сай жүзеге асырылғанын мәлім етті. Мақаланың әлқиссасында барыс жылында тарихи сәттердің көп болып тұрғанын айттық. Қаңтардың қасіретке толы болғаны бір бөлек әңгіме. Биыл Мемлекет басшысы екі рет Қазақстан халқына Жолдау жариялады. Үкімет басшысы ауысып, ел үніне құлақ асатын мемлекеттік аппарат құру мақсатында жұмыс жүруде. Парламент мәжілісінің төрағасы да ауысты. Тіпті президент партиядан шықты. Өз кезегінде билік партиясы саналатын «Нұр Отан» ребрендинг жасап, оған «Адал» партиясы қосылып, «Аманат» болып өзгерді. Қызылордада облыс әкімі мен қала әкімі де ауысты. Елдің ертеңін бағамдау, әділетті Қазақстанды құруға негіз қалау мақсатында жалпыхалықтық референдум арқылы конституциямызға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Ұлытау, Жетісу, Абай сынды үш бірдей облыс құрылды. Ұлттық құрылтай құрылып, оның алғашқы жиыны ұлт ұясы – Ұлытауда өтті. Мұның барлығын жаңаруға ден қойған, әділетті елдің негізін қалауға жасалған қадам деп ұққан жөн.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

СУ ТАПШЫЛЫҒЫН БОЛДЫРМАУ – НАЗАРДА

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру жоспарлары мен биылғы агроөнеркәсіп кешенін сумен қамтамасыз ету мәселелері кеңінен қаралды.

2 БЕТТЕ

ХАЛЫҚ ҮНІ

ХАЛЫҚПЕН ЖҮЗДЕСІП, АУЫЛДАҒЫ ТІРЛІКТІ КӨЗБЕН КӨРУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «әкімдерге халықтың қалың ортасына барып, тұрғындармен кездесіп, олардың мұң-мұқтажын тыңдап отыруы тиіс» деп ерекше тапсырма берген болатын. Барлық деңгейдегі әкімдер осы бағытта тұрғындармен кездесуде. Қала әкімі Асылбек Шәменов қалаға қарасты ауыл және округ тұрғындарымен еркін кездесу өткізді. Қала басшысы тұрғындарға кездесудің негізгі мақсатын түсіндірді.

– Әр ауылдағы жұмысты жоспарлау үшін ең алдымен проблемаларды білу керек. Сондықтан халықпен бетпе-бет жүздесіп, ауылдағы тірлікті тұрғындардың өз аузынан естігенді жөн көрдім. Бұл – біздің қызметтік міндетіміз, – деп атап өтті қала әкімі.

Сонымен қай ауылда қандай мәселе бар? Алдағы жылы айтуға тұрарлық қандай іс жасалады? Қала әкімі қандай уәде берді?

БЕЛКӨЛ: ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ЖОЛЫ САЛЫНАДЫ

Апта басындағы алғашқы кездесуді қала әкімі Асылбек Шәменов Белкөл кентінен бастады. Қазіргі таңда кент әлеуметтік-экономикалық жағынан тұрақты дамып келеді. Тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі түзу, қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. Бүгінде мұнда елді мекенді бөліп тұрған теміржолдың үстінен жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысы жоспарға сәйкес жүруде.

Тұрғындардың сөзіне сүйенсек, ауыз су мен электр энергиясын жеткізуде айтарлықтай мәселе жоқ. Яғни мұнда кез келген мәселе ретімен шешімін тауып келеді.

Дегенмен тұрғындар қала әкімінен жаяу жүргіншілер жолын салып беруді сұрады.

– Жыл сайын ауқымды тірліктер жасалуда. Дегенмен тұрғындар көбейген сайын сұраныс та артады. Мәселен, кентке балалар ойын алаңы керек. Сонымен қатар Бірқазан ауылына кіреберіс жолдың тозығы жетіп тұр. Сол жол жөнделсе деген тілегіміз бар. Теміржолдың арғы бетіне тұрғындардың қатынауы да басты мәселеміз. Сондықтан да теміржолдың арғы бетіне қоғамдық көлік қатынаса, – дейді Белкөл кентінің тұрғыны Тасболат Жидебаев.

Қала әкімі тұрғындардың өтініші кезең-кезеңімен орындалатынын жеткізді. Мәселен, жыл басталысымен әлеуметтік нысандарға баратын көшелердің қос қапталына 1,5 шақырым болатын жаяу жүргіншілер жолы салынбақ.

2 БЕТТЕ

Кеше Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде облыстық қоғамдық даму басқармасының ұйымдастыруымен белгілі ақын Әскербек Рахымбекұлының 80 жасқа толуына орай ақынды еске алу кеші өтті.

ҚАРА ӨЛЕҢНІҢ ҚҰЛАГЕРІ

Рухани кешке Сыр өңірінің зиялы қауым өкілдері, ақынның отбасы, құлын-тайдай тебісіп, бірге өскен достары, өлеңге таласы бар жас буын қатысты. Әскербек Рахымбекұлы есімі қазақ поэзиясында ғана емес, қазақ журналистикасында да танымал тұлға. Еңбек жолын аудандық «Сырдария» газетінен бастап, облыстық «Сыр бойы» газетінде ұзақ жыл еңбек еткен қаламгер газеттің мехнатты жұмысын атқара жүріп, өлең жазуды да ұмытпады, көз тірісінде 10-нан астам жыр жинағы жарыққа шықты.

6 БЕТТЕ

МЕРЕЙ

ТУҒАН ЕЛІН ТУ ЕТКЕН, ТУҒАН ЖЕРІН ЖЫР ЕТКЕН АҚЫН

Сөз патшасы,
Тәнір тұттым,
Табындым,
Табындым да мұң
алқасын тағындым.
Жұртқа жүрмес
әміріңді жүргізіп,
Күн-түн құрақ
ұшырардай не қылдым?!

Бұл қазақ поэзиясындағы болмыс-бітімі бөлек, ірімі ерек ақынның бірі – Иран-Ғайыптың «Сөз патшасы» атты өлеңінен үзінді. Өлеңін оқыған жан оның әлемі бөлек екенін аңғарады. Иран-Ғайып есімімен танымал Иранбек Оразбаевтың жырлары көркемдік жағынан да ерекше. Ақынның әр өлеңін оқыған сайын шеберлігіне тәнті боласың. Биыл қазақтың Иран-Ғайыбы жетпіс бесінші белесте. Ақынның 75 жылдығына орай Сыр өңірінде арнайы рухани-шығармашылық кеші өтті. Алдымен 23 қараша күні Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында қаламгердің «Мәңгілік елдің алтын адамы» атты драмалық дастаны сахналанды. Ал 24 қарашада ақынның «Топырағыңды басқаным – тау асқаным» атты шығармашылық кеші ұйымдастырылды.

6 БЕТТЕ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

Әйелдің жұмысын жеңілдеткен кәсіп

Соңғы жылдары кәсіпкерлік саласында нәзік жандардың үлесі артып келеді. Нәтижесі де жоқ емес. Бүгінде шағын және орта бизнес саласындағы қаншама қыз-келіншектер жетістікке жетіп жүр. Оған мемлекет тарапынан қабылданған түрлі қолдау бағдарламалардың көбейіп, адамдарды кәсіпке баулу мен нәтижелі еңбекпен қамту бағытындағы жұмыстың жолға қойылуы да әсер етуде.

Сонымен қатар қазіргі кезде қоғамда жеке кәсіппен айналысатын әйелдер туралы ақпараттар аз емес. Ол да өзін дәлелдеп, кәсіпкерлік саласында озық жүрген қыз-келіншектердің үлесін аңғартады. Бүгінде олардың көбі жеңіл өнеркәсіп, тағам және қызмет көрсету салаларын дамытуда. Өйткені «Жеті рет өлшеп, бір рет кесуді» жөн санайтын қыз-келіншектер кәсіпте де әрбір қадамын нықтап алғанды жөн көреді.

5 БЕТТЕ

СУ ТАПШЫЛЫҒЫН БОЛДЫРМАУ – НАЗАРДА

Селекторлық жиында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев баяндама жасады. Облыс әкімі Мемлекет басшысының және Үкіметтің қолдауымен су тапшылығын төмендетуге нақты шаралар қабылданғанын жеткізді.

– Президент Сырдария өзенінің жоғары ағысында орналасқан мемлекеттермен келіссөздер жүргізіп, тиісті көлемде су бөлінуіне жағдай жасады. Үкімет резервінен 3,6 млрд теңге қаржы бөлініп, каналдар тазаланып, гидротехникалық нысандар жөндеуден өткізілді. 156 дана насос қондырғысы алынып, 52 ұңғыма бұрғыланды.

Нәтижесінде егістік жерлер сумен толық қамтамасыз етіліп, табиғи мал азығымен қамтылу деңгейі жақсарып, көлдер жүйесі суландырылды. Осыған орай, Сыр жұртшылығының Мемлекет басшысына және Үкіметке алғысы шексіз, – деді Н.Нәлібаев.

Өңірде су тапшылығының алдын алу мақсатында биыл күріш егісінің көлемі 5 мың гектарға қысқартылған. Ал орнына суды аз қажет ететін мал азықтық, майлы дақылдармен қатар картоп, көкөніс, бақша егісінің көлемі ұлғайған. Сонымен қатар ирригациялық жүйелердің техникалық жағдайын жақсартуда жерді тегістеу арқылы су пайдалану мөлшерін азайту жұмыстары жүргізілген.

Аймақ басшысы өңірде тамшылатып, суару секілді су үнемдеу технологиясын қолдану арқылы 793 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілгенін айтып өтті. Бұл ретте шетелдік ғалымдармен жаңа тәсілдерді енгізу жұмыстары бастау алған.

– Бүгінде біз украиндық ғалымдармен әріптестік орнатып, тиісті жұмыстарды бастадық. Сонымен бірге 16 магистралды және шаруашылық каналдарды цифрландыру қолға алынуда. Өңірде егіс көлемінің 60 пайызын сумен қамтамасыз ететін негізгі магистралды каналға су бөлуді автоматтандыру үшін Австралияның «Рубикон» компаниясы зерттеу жұмыстарына кірісті. Аталған шараларды жүзеге асыру арқылы суды пайдалану тиімділігін арттыруға және инженерлік жүйеге келтірілген жерлерді сақтап қалып, егін саласын одан әрі дамытуға мүмкіндік жасалады, – деді облыс әкімі.

Селектордан кейін облыс әкімі Үкімет тапсырмаларын орындау бойынша жиын өткізді. Онда қала, аудан әкімдері мен басқарма басшыларына бірқатар тапсырма берді. Мәселен, денсаулық сақтау басқармасына 2025 жылға дейін салынуға жоспарланған 27 медициналық нысан бойынша жұмыстарды тиімді түрде үйлестіріп, уақытылы пайдалануға берілуін қамтамасыз етуді жүктеді.

Сондай-ақ алдағы жылы егін егу маусымына дайындық шараларын алдын-ала пысықтауды тапсырды. Қыс мезгілінде Шардара суқоймасынан Сырдария өзеніне құйылатын суды қауіпсіз өткізу үшін қажетті шаралар жасалу керектігін айтып өтті. Арал теңізіне қажетті мөлшерде су түсуін қамтамасыз ету үшін нақты шаралар қабылдап, ерекше бақылауда ұстауды міндеттеді.

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

ХАЛЫҚПЕН ЖҮЗБЕН КӨРУ — БАСТЫ МІНДЕТ

ТАСБӨГЕТ: ЕМХАНА ҚАЖЕТ

Қала әкімінің халықпен кездесуі Тасбөгет кентінде жалғасты. Кент қаламен қатар дамып келе жатқанымен, шешімін таппаған бірқатар мәселе бар. Атап айтсақ, емханадағы орын жетіспеушілігі. Сондықтан тұрғындар кентке тағы бір емхананың қажеттілігін айтты. Себебі күннен-күнге кент аумағы кеңейіп, тұрғындар саны арты келеді.

Сондай-ақ кездесуде «Сабалақ» саяжайының тұрғындары қаңғыбас иттердің күрт көбейіп кеткенін жеткізді. Тұрғындардың сөзіне сүйенсек, бұл мәселені талай рет қозғап, әлеуметтік желіге жазғанмен әлі де шешілмей келеді. Ал күннен-күнге балаларға қауіп төніп тұр. Себебі кеш түсе қайтатын балаларды қаңғыбас иттер талап тастайды ма деп қорқады. Тұрғындар осы жайтты қалай шешуге болатынын, иттердің көзін жою бойынша қандай жұмыстар жүргізілетінін сұрады.

Шаһар басшысы аталған жағдайға байланысты тиісті орындарға ұсыныс бергендігін жеткізіп, «жедел жұмыстар жасалады» деді. Атап айтсақ, қала әкімдігімен облыстық ветеринариялық басқарма бірлесе кешенді жоба әзірлеуде. Алдағы уақытта тиісті жұмыстар атқарылады.

Өз сауалдарына жауап алған тасбөгеттіктер қала әкіміне ризашылығын білдірді.

ҚЫЗЫЛЖАРМА: КӨП ТІЛЕГІ – МЕКТЕП

Қызылжарма ауылдық округінің тұрғындары да мәселелерін айту үшін қала әкімінің кезекті кездесуін асыға күтті. Бүгінгі жиынға келген халықтың қарасы көп. Олар ауылдағы әр бастамаға қуанып, алдағы уақытта қандай жоба жүзеге асатынын естуге асығады.

Соңғы бес жылда Қызылжарма аумағы бірнеше есеге ұлғайып, тұрғындар саны 15 мыңға жеткен. Халық санының артуына байланысты ауылда электр сымдарын жаңарту, жол салу мәселелері туындайды. Дегенмен бұл мәселелер уақытылы іске асуда.

– Ауылда игі істер жасалып, жақсы бастамалар қол алынған. Күннен-күнге елді мекен көркейіп келеді. Ауыл аймағы кеңейіп, жаңадан қоныстанғандар баршылық. Осыған орай, мұндағы бір мектеп өрендерге тарлық етіп отыр. Сондықтан мектеп құрылысы кешеуілдетпей басталса, – деді ауыл тұрғыны Мұрат Жайсаңбаев.

Бұл орайда қала әкімі Асылбек Шәменов жағымды жаңалық айтты. Мәселен, Қызылжармадан арнайы орын белгіленіп, келер жылы «Жайлы мектеп» жобасы аясында игілікті іс бастау алады. Яғни 900 орындық білім ұясының құрылысы жүргізіледі. Тағы бір ауқымды жоба – ауылдағы 35 көше жөнделетін болады. Оған бюджеттен 1 млрд 600 млн теңге бөлініп отыр.

Сонымен қатар келер жылдың жаз айында ауыл орталығынан заманауи үлгідегі жаңа спорт кешені пайдалануға беріледі. Осылайша елді мекен жаңаша кейіпке енеді. Жағымды жаңалықтарымен бөліскен қала әкіміне тұрғындар алғыстарын жеткізіп, ақсақалдар батасын берді.

Бүгінгі кездесуден көңілге түйгеніміз, қызылжармалықтардың жағдайы жақсы, халқының тұрмысы да көңіл көншітерлік. Дегенмен әлеуметтің әлеуетін көтеріп, жұмыссыздықпен күресу алдағы уақытта еншісінде.

ҚОСШЫҢЫРАУ: ГАЗ КЕЛЕТІН КҮН ЖАҚЫН

Қала әкімі Асылбек Шәменовтың халықпен кездесуі Қосшыңырау, округінде жалғасты.

Ауылда биыл ауқымды жұмыстар жүзеге асқан. Қазір ауыл мен қаланың айырмасы жоқтай. Себебі өркениетке ауыл тұрғындары да қол жеткізді. Су, жарық үздіксіз беріледі. Әлеуметтік мекемелер заман талабына сай жабдықталып жатыр. Қазір ауылда қоғамдық көлік мәселесі толығымен шешілген. Жыл сайын шағын кәсіпкерлікті дамыту бағытында мемлекет тарапынан жасалған қолдаудың нәтижесінде бұл салада да айтарлықтай оң өзгерістер қалыптасуда. Ауыл экономикасы дамуының басым бағыттары – шағын және орта бизнеске қолдау көрсетуге өз деңгейінде мән беріліп келеді. Халық саны артқан сайын әлеуметтік мәселелердің қордалана түсетіні сөзсіз. Сондықтан кездесуде тұрғындар ішкі көшелерді асфальттау, жайылымдық жер, электр бағаналарын жаңарту сияқты өзекті мәселелерді айтты.

Айта кету керек, келер жылы Қосшыңырау ауылын газдандыру жобасы бастау алады. Оған республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, қазір конкурстық жұмыстардың құжаттары әзірленуде.

– Ауылымыздың жағдайы жақсы. Елдің күткені – газ. Қала әкімі кездесуде келер жылы жобасы жасалатынан айтты. Тұрғындар бұл жаңалықты естіп қуанды. Сонымен қатар елді мекен болған соң жарық, жол секілді мәселелер болатыны анық. Бұл проблемалар да кезеңкезеңімен орындалады деп сенеміз, – дейді ауыл тұрғыны Пазыл Боданов.

ҚАРАУЫЛТӨБЕ: ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Қала әкімі Асылбек Шәменовтің кезекті кездесуі Қарауылтөбе ауылдық округінде өтті. Мұнда биыл ауқымды жұмыстар жүргізілген. Қаламен іргелес жатқан ауылда жұмыссыздық мәселесі шешімін тауып келеді. Ауылдың қараңғы көшелеріне жарық орнатылған. Сонымен қатар елді мекенде мәдениет, білім салалары бойынша да өрлеу байқалады. Кездесуде қала әкімі Асылбек Шәменов ауыл тұрғындарының ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Олар электр бағаналарын жаңартуға мән берілсе деген өтініштерін жеткізді.

Қарауылтөбе ауылдық округінде құрылысы басталған ауылдық клуб үйі келер жылдың басында пайдалануға беріледі. Сонымен қатар елді мекеннің тұрғындары жаңадан қоныстанған аумақтарына электр желілері жаңартылады.

– Айтылған мәселелердің барлығы орынды. Қазіргі таңда халықты жұмыспен қамтамасыз ету – басты міндет. Президент осы бағытта нақты тапсырмалар жүктеп отыр. Халық еңбек етуді үйрену қажет. Әкімнің міндеті – халықпен кездесу, мұның тыңдау. Өзінің құзыреті аясында сол мәселелерді шешу үшін шаралар қабылдау. Сондықтан сіздер айтқан ауылдағы шешімін таппай тұрған мәселелер бойынша жұмыстарды қолға аламыз, – деді қала әкімі.

АҚЖАРМА: ТҰРҒЫНДАР ӘКІМДІ ҚИМАЙДЫ

Ақжарма ауылдық округіндегі шаһар басшысының тұрғындармен кездесуі ерекше өтті. Қала әкімі Асылбек Шәменов ауыл әкімі қызметін атқарған Әлиев Жұмабекті салтанатты түрде құрметті демалысқа шығарып салды.

Шаһар басшысы Жұмабек Төлешұлының азаматтық болмысы мен іскерлік қабілетіне ерекше тоқталды.

– Сіздің Тәуелсіз Қазақстанның гүлденуі, Сыр өңірінің өсіп-өркендеуі жолында еткен еңбек, төккен тер, қажыр-қайратыңыз үшін шексіз ризашылығымды білдіремін, – деді қала әкімі.

Ауыл әкіміне қазақы дәстүрмен шапан жауып, ең жоғарғы марапат «Құрмет» грамотасын тапсырды.

Жұмабек Төлешұлы еңбек жолын 1975 жылы Қызылорда облысы, Жалағаш ауданындағы «Қазақстан» кеңшарында жұмысшы болып бастаған. Қызметтің түрлі сатысынан сүрінбей өткен кәсіби маман, іскер ұйымдастырушы, білікті басшы. Жауапты салада тер төккен Жұмабек Төлешұлы 30 мыңнан аса тұрғыны бар Тасбөгет кентін басқарғанда ұтқыр ұйымдастырушылығымен дараланып, 2013-2017 жылдар аралығында көптеген ілкімді істерді атқарған.

2017 жылдан бүгінге дейін Ақжарма ауылдық округінің әкімі болған Жұмабек Төлешұлы Ақжармалықтар үшін ұзақ жылдан бері түйіні шешілмей келген ауыз су, жарықтандыру, жол жөндеу секілді мәселелердің шешімін тауып, ел құрметіне бөленді.

Сондай-ақ ол әкім болған тұста ауыл төрінен типтік жобадағы жаңа мәдениет үйі бой көтерді. Ақжармалықтар әкімді қимастықпен шығарып салды.

Жұмабек Төлешұлы зейнетке шыққа да, Сыр елінің қоғамдық-саяси өмірінен тысқары қалмасы анық. Өйткені халық қадірлеген мұндай азаматтың кейінгі толқынға берері мол.

P.S. «Әкім болу, халқына жақын болу» деген ғой. Елдің қамын ойлаған азамат халықпен етене жұмыс істері анық. Бүгінгі кездесулер соның айғағы. Президент тапсырма берді, әкімдер халық арасында жүр. Ал тұрғындарға берілген уәденің орындалуы алдағы уақыт еншісінде.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Басы 1-бетте

СЕССИЯ

Қалалық мәслихаттың кезектен тыс XXVII сессиясы өтті. Сессияға қала әкімі Асылбек Шәменов, қала әкімінің орынбасарлары, тиісті бөлім басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері қатысты. Сессия отырысына мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев төрағалық етті.

АУЫЛ БЮДЖЕТІ ҚЫСҚАРМАУЫ ТИІС

Күн тәртібінде «2022-2024 жылдарға арналған кент және ауылдық округтердің бюджеттері туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2021 жылғы 29 желтоқсандағы шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» мәселесі қозғалды. Сессия барысында халық қалаулылары тарапынан кент және ауылдық округтердің бюджет кірістерін оңтайлы жоспарлау, мүмкіндігінше елді мекендердің бюджетін қысқартуға жол бермеу және басқа ұсыныстар көтерілді.

Сонымен қатар «2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда қаласын дамыту бағдарламасын бекіту туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2021 жылғы 8 ақпандағы №9-3/1 шешімінің күшін жою мәселесі талқыланды. Аталған мәселе бойынша қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова хабарлама жасады.

– Облыстық бюджеттен бөлінген қаражат ағымдағы нысаналы трансферт, оның ішінде азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге бөлінді. Атап айтсақ, Тасбөгет кентіндегі мәдениет үйіне, Талсуат ауылдық клубына бағытталды. Сонымен қатар қалалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферт есебінен шығындар біршама көбейді. Мәселен, Тасбөгет кентіне қарасты Сейтпенбетов көшесіне орташа жол жөндеу жұмысына, аталған кент әкімі аппараты қызметкерлерінің қосымша еңбек ақысы мен Қызылөзек ауылдық округі аппараты қызметкерлерінің қосымша еңбек ақысына қосымша қаржы бөлінді, – деді Гүлнар Баймаханова.

Сондай-ақ кент және ауылдық округтердің бюджеттік бағдарламаларынан үнемделген қаржыларына ішінара өзгерістер енгізілуі ескерілді. Осылайша «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы аясында Қызылжарма ауылдық округіне барлығы 882 мың теңге қаралды. Оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің еңбекақы қорына 562 мың теңге, Батырбаев көшесі №2 мекен жайда орналасқан жатақхананың бу қазандығының жер актісі мен техникалық құжаттамалын дайындауға 320 мың теңге қаражат бөлінді. Ал Қарауылтөбе ауылдық округі Р-1 каналына жаяу жүргіншілер көпірінің жер құжаттарын дайындауға 949,5 мың теңге, Қосшыңырау ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік қызметшілердің еңбек ақысына қосымша қаражат берілді. Сондай-ақ Ақжарма ауылдық округтеріндегі мемлекеттік қызметшілердің еңбек ақысына да қосымша қаражат бөлінді.

Сонымен қатар «Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасына орай, Белкөл кентіне орталық көшеге жаяу жүргіншілер жолын салу жұмысын бастауға, Қосшыңырау ауылдық округіне жол белгілерін орнатуға, Ақсуат ауылдық округіне ауылдық округтегі аяқ су сорғысына трансформатор орнату жұмыстарын бастауға қаражат қаралды.

Қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысының айтуынша, халықтың сұранысына байланысты «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бағдарламасы бойынша, Белкөл кентіндегі Әбдіқадыров көшесінің жарық шамдарын күтіп ұстауға қаржы берілді. Ал «Мәдени-демалыс жұмысын қолдау» бағдарламасына орай, Ақжарма ауылдық округіндегі мәдениет үйіне жылу маусымына жанар-жағар май алуға қосымша 1403,0 мың теңге, «Автомобиль жолдарын орташа және күрделі жөндеу» бағдарламасына байланысты, Қызылжарма ауылдық округіндегі орташа жол жөндеу жұмыстарының мерзімі өткен жоба-сметалық құжаттамаларына түзету енгізуге 2369,5 мың теңге бөлінді.

Сонымен қатар сессияда алдағы уақытта даму бағдарламасы облыстық деңгейде қабылданатындықтан, қаланың даму бағдарламасы туралы мәслихат шешімінің күші жойылды. Сессия барысында халық қалаулылары тарапынан бюджеттің кіріс көздерін ұлғайту, ауылдық округтердің бюджет кірістерін оңтайлы жоспарлау, мүмкіндігінше елді мекендердің бюджетін қысқартуға жол бермеу және басқа да ұсыныстар айтылды.

Ақмарал ОЛЖАБАЕВА

ДАНАЛЫҚҚА ТОЛЫ ҒҰМЫР

... Бәрің достар әр тарапқа кеттіңдер ме?
Әлде биік асулардан өттіңдер ме?
Әлде игі армандарға жеттіңдер ме?

Қайдасыңдар, құрдастар! – деп жарты ғасыр шырқалып келе жатқан «Армандастар» әнімен 1970 жылы киелі білім ордасы Ғани Мұратбаев мектебінің түлектері бір-бірімізді қимай қоштасып едік. Бұл ән кейін достардың ұранына айналды.

Ғ.Мұратбаев мектебінің ұстаздары Мендіғара Киікбаев, Балқия Жарқынбаева, Тайжан Бабанова, Жақия Төлепов, Рамсейіт Қоянбаев, Сара Кашаева, Валентина Логвиненко, Шарипа Кенжеева сияқты апайларымыз бен ағайларымыздан білім мен тәрбие алғанымызды осы күнге дейін мақтаныш етеміз!

Мектеп табалдырығын бірге аттап, он жыл бойы бірге оқыған достардың орны бөлек. Бүгін жаныма жақын досым Тапалова Әнипа Сейдалықызы туралы жазғанды жөн көрдім.

Әнипа мектеп кезінен-ақ облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадаларға қатысып, Воронеж, Москва, Новосибирскіде өткен химия, физика, математика пәндерінен жүлделі орындар иеленіп, мектеп мақтанышына айналды. Ол 1970 жылы мектепті алтын медальмен бітіріп, С.М.Киров атындағы институтына оқуға түсті.

Әнипа Сейдалықызының өмірлік жолдасы Нұрділда Сыздықұлы Алматы қаласындағы политехникалық институтынан энергетик мамандығын алып, кейіннен Өскемендегі «Автомобиль жолдары» институтын бітірген. Еңбек жолын ТЭЦ, РМЗ заводтарында механик, бас механик болып бастап, тәжірибе жинақтап, кейін Автокомбинат мекемесінде, Автомобиль басқармасында бас инженерден бастап, өмірінің соңына дейін басқарма басшысы қызметін атқарды. Халық игілігі үшін аянбай еңбек етіп жүрген Нұрекең небәрі 52 жасында дүниеден озды. Арманы, атқаратын істері көп еді...

Өмірде жақсының аты ісімен, өнегесімен, адалдығымен, іскерлігімен өлшенетінін жақсы білеміз. Халықтан асқан көреген жоқ. «Жер елсіз ел ерсіз болмайды» дегендей, әке қазасы үлкен ұлы Жайсаңды ерте есейтті. Ол 29 жасында әкесінің жұмысын әрі қарай жалғастырып, анасына ақыл қосып, бауырлары Данияр мен Бақтиярға, туған-туысқандарына қамқорлық жасады.

Атың жақсы болса, пырағың, балаң жақсы болса, жанып тұрған шырағың. Әнипа бұл күнде 13 немеренің қадірменді әжесі. Үлкен немересі Қарлығаш Англияда Qween Mary университетін бітіріп, Голландияда магистратурасын аяқтап мамандығы бойынша жұмыс істейді. Шадияры да Кембридж университетінде оқып халықаралық МАККЕНЗИ компаниясында білікті маман. Ал Алдияр Испанияның Марбелья қаласында 2 курс студенті. Бақтиярдың балалары Мұхамедияр мен Иманғали – Назарбаев Зияткерлік Мектебінің оқушылары.

Әнипа Сейдалықызы жарты ғасырға жуық еңбек өтілімен зейнеткерлікке шыққа да күш-жігерін, білім-біліктілігін, іс-тәжірбиесін жас мамандарға үйретіп тәлім-тәрбие, әдістемелік көмек беріп шәкірт тәрбиелеп келе жатыр. Шәкірттері Гүлмира Абызбекова, Карима Арынова, Нұрбол Аппазов, Гүлбану Жақсылықова, Марат Сыздықбаев, Нұрлыбек Ақатаев, Қуаныш Қаныбетов, Нұрғали Ақылбеков, Рақымжан Тұрмановтардың, химия маманы ғана емес, зерттеуші-ғалым болып қалыптасуына ықпалын тигізді. Ұстаз шәкірттерімен мақтанады. 30-дан аса студенттер мен мектеп оқушыларының ғылыми жобаларына жетекшілік жасап, шәкірттері облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалардың жеңімпазы атанды.

Біз Ғани Мұратбаев мектебінің 1970 жылы бітірген түлектері Әнипа мен Нұрділдадай кластасымыздың болғанына мақтанамыз, марқаямыз. Мектептегі Нұрділданың достары – Фатима Құрманаева, Гүлбарам Тулекова, Оразкүл Қиянбекова, Әбдібек Мұхамеджанов, Бектай Тұсмағанбетов, Болат Бектанов, Құралай Рахимова, Айгүл Далдабаева, Данагүл Жүсіпова, Күлсара Махатова, Шырын Ермағанбетова, Гаухар Тойшанова, Наташа Сақтағанова, Марияш Искакова, Аманкүл Алдамжарова, бәріміз қанша жыл өтсе де бір отбасының балаларындай жұбымыз жазылмай келеді.

Қадірлі досымыз Әнипа Сейдалықызы бұл күнде сүйікті ана, қадірменді әже бақытына ие болып, қазақтың бір отбасын гүлдендіріп отыр. Қазақ әйелі үшін бұдан асқан бақыт жоқ.

Күлсара МАХАТОВА, еңбек ардагері

2022-2024 жылдарға арналған Азаматтық бюджет

Қала бюджетінің негізгі көрсеткіштері, бюджеттік қаражатты қалыптастыру және жұмсау бағыттары туралы ақпараттан тұратын Қызылорда қаласының

2022-2024 жылдарға арналған азаматтық бюджеті ұсынылады.

Аталған құжат келесі бөлімдерден тұрады:

- Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері;
- Қызылорда қаласы бюджетінің түсімдері мен шығыстары.

Қызылорда қаласының «2022–2024 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» Қызылорда қалалық мәслихаты сессиясының 2021 жылғы 22 желтоқсандағы №94-15/1 шешімімен (Қызылорда қалалық мәслихатының 2022 жылғы 18 мамырдағы №121-19/1, 2022 жылғы 17 маусымдағы №152-21/1, 2022 жылғы 19 шілдедегі №155-22/1 шешімімен, 2022 жылғы 16 шілдедегі №184-26/1 шешімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) бекітілген.

2022-2024 жылдарға арналған Қызылорда қаласы деңгейіндегі азаматтық бюджет.

(нақтыланған бюджет 16.11.2022 ж.)

I. 2023-2027 жылдарға арналған Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2018 жылғы 6 ақпандағы №39 бұйрығына сәйкес Қызылорда қаласының 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының I кезеңі әзірленді.

Аймақтың экономикалық саясатының негізгі бағыты инфрақұрылымды дамыту және индустрияландыру арқылы экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ету болып табылады.

Экономикалық өсудің мақсатты параметрлеріне инвестициялық белсенділік есебінен қол жеткізіледі. Бұл өз кезегінде технологиялық модернизациялауды белсенді жүргізуге мүмкіндік беретін негізгі капиталдың шоғырлануының артуы есебінен қамтамасыз етіледі.

Көрсеткіштер	2022 ж. бағалау	Болжам				
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2026 ж.	2027 ж.
Өнеркәсіп өнімдерінің көлемі, өткен жылғы тиісті кезеңге %	92,0	92,8	97,0	97,8	100,0	101,0
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлер казу көлемі, өткен жылғы тиісті кезеңге %	91,0	92,1	93,4	94,1	94,5	100,0
Өңдеуші өнеркәсібінің көлемі, өткен жылғы тиісті кезеңге %	100,0	101,5	102,7	103,0	104,5	105,0

2022 жылғы бағалау

2022-2027 жылдар аралығындағы Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	*2022 жыл бағалау*	*2023 жыл*	*2024 жыл*	*2025 жыл*	*2025 жыл*	*2027 жыл*
		Болжам				
Әлеуметтік сала көрсеткіштері						
Тұрғындар саны, мың адам	348,4	357,9	367,4	376,9	386,4	395,9
Ең төменгі күн көріс деңгейі	44 522	44 772	45 072	45 522	45 972	46 522
Айлық есептік көрсеткіш, теңге	3 180	3 163,0	3 201,0	3 345,0	3 462,0	3 462,0

Қала бюджетінің түсімдері мен шығындары

Түсімдер

2022-2024 жылдарға арналған қалалық бюджет түсімдерінің болжамы бюджеттің түсімдерін болжамдау Әдісімен, қаланың әлеуметтік экономикалық даму болжамындағы макроэкономикалық көрсеткіштер негізінде, Қазақстан Республикасының Салық, Бюджет кодекстеріне және басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жоспарланған.

Салықтық түсімдерінің ең үлкен мөлшерін төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы, әлеуметтік салық және корпоративтік табыс салығы құрайды.

Үш жылдық кезеңге қалалық бюджеттің жоғары тұрған деңгейдегі бюджетпен қатынасы жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша нормативтік аударымдар бөліну арқылы реттеледі.

Қалалық бюджетке түсетін жеке табыс салығы бойынша 10,0 пайыз, әлеуметтік салық бойынша 10,0 пайыз болып белгіленді, тиісінше облыстық бюджетке 90,0 пайыз.

2022-2024 жылдарға қалалық бюджет кірістерін болжамдау кезінде 2021 жылғы бюджет кірістерінің орындалуы, 2021 жылда нақты түскен түсімдерге байланысты күтілетін болжамның бағалануы және уәкілетті органдардың мәліметтері ескерілді.

2022-2024 жылдарға арналған қалалық бюджеттің кірістері (трансферттерді есепке алмағанда) төмендегідей көлемде белгіленуде:

2022 жылға - 18 117 287,4 мың теңге;
2023 жылға – 9 793 497,0 мың теңге;
2024 жылға – 10 190 243,0 мың теңге.

2022-2024 жылдарға арналған қала бюджетінің негізгі параметрлері

мың. теңге

Атауы	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
	Бекітілген	Жоспар	Жоспар
1.Кірістер	**63 444 205,0**	**26 690 810,0**	**26 962 748,0**
Салықтық түсімдер	10 447 981,7	8 905 064,0	9 257 387,0
Салықтық емес түсімдер	927 985,0	373 257,0	391 921,0
Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	6 741 320,7	515 176,0	540 935,0
Трансферттердің түсімдері	45 326 917,6	16 897 313,0	16 772 505,0
2. Шығындар	**53 702 228,1**	**26 690 810,0**	**26 962 748,0**
3. Таза бюджеттік кредиттеу	**6 387 376,0**	0	0
Бюджеттік кредиттер	6 874 999,0	0	0
Бюджеттік кредиттерді өтеу	487 623,0	0	0
4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	**2 458 517,0**	0	0
Қаржы активтерін сатып алу	2 458 517,0	0	0
Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	-	0	0
5. Бюджет тапшылығы (профициті)	896 083,9	0	0
6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	- 896 083,9	0	0
Қарыздар түсімі	6 874 999,0	0	0
Қарыздарды өтеу	8 587 978,0	0	0
Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	**816 895,1**	0	0

Қала бюджетінің шығындары

2022-2024 жылдарға арналған қалалық бюджет Мемлекет басшысының "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі", "Халық бірлігі және жүйелі реформалар" атты Қазақстан халқына жолдауын іс-шараларын жүзеге асыру, халықтың әлеуетін жақсартуға, жұмыссыздықты төмендетуге бағытталған.

мың теңге

Шығындар	53 702 228,1	26 690 810,0	26 962 748,0
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 896 359,4	790 896,0	799 966,0
Қорғаныс	20 742,4	17 515,0	17 643,0
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	296 217,8	135 307,0	141 191,0
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	9 917 759,5	2 607 997,0	2 673 125,0
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	12 497 883,5	2 783 743,0	2 921 547,0
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	1 032 406,2	754 643,0	771 759,0
Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	2 703 430,0		
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	172 245,7	146 166,0	150 046,0
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	187 346,6	94 732,0	95 895,0
Көлік және коммуникация	3 821 662,0	496 042,0	520 844,0
Басқалар	768 549,3	2 707,0	2 842,0
Борышқа қызмет көрсету	572 501,0		
Трансферттер	19 815 124,7	18 861 062,00	18 867 890,0
Қарыздарды өтеу	8 587 978,0		

Қала бюджетінің шығындарында облыстық және республикалық бюджеттен бөлінген мақсатты трансферт енгізілген.

Мақсатты трансферттер ағымдағы нысаналы трансферттер және нысаналы даму трансферттеріне бөлінеді.

Ағымдағы нысаналы трансферттер. Жалпы сипаттағы трансферттердің үш жылдық көлемінің қолданылуы кезеңінде республикалық немесе облыстық бюджеттерде бекітілген сома шегінде: жоғары тұрған бюджеттер төмен тұрған бюджеттерге беретін, жергілікті бюджеттер шығыстарының ұлғаюына және (немесе) кірістерінің азаюына әкеп соғатын, заңнамалық актілерді, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыстың өкілді және атқарушы органдарының, актілерін қабылдаудан туындайтын төмен тұрған бюджеттердің шығындарын өтеуге бағытталған.

2022 жылға ағымдағы нысаналы трансферттер сомасы – 14779972,9 мың теңге.

Нысаналы даму трансферттер жоғары тұрған бюджеттер төмен тұрған бюджеттерге жергілікті бюджеттік даму бағдарламаларын іске асыру үшін республикалық немесе жергілікті бюджетте бекітілген сомалар шегінде беретін трансферттер нысаналы даму трансферттері болып табылады.

2022 жылға нысаналы даму трансферттер сомасы – 13561774,4 мың теңге.

2022 жылға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға 1 060 044 мың теңге, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға 1 852 052 мың теңге, газ тасымалдау жүйесін дамытуға 2 000 000 мың теңге, нәтижелі жұмыспен қамтуды дамытуға 2 196 656 мың теңге, азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің және мемлекеттік ұйымдардың: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелер, үйде қызмет көрсету, уақытша болу ұйымдары, халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыскерлерінің жалақысын көтеруге барлығы 115 833 мың теңге және «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға 554 225 мың теңге қаржы бөлінді.

Әлеуметтік сала

Әлеуметтік саланың шығыстары 2 функционалдық топтан тұрады:

1. Әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыру
2. Мәдениет, спорт және ақпараттық кеңістік

Әлеуметтік салада негізгі бағыттардың бірі азаматтардың әл-аухатын көтеру үшін алдын ала қабылданған әлеуметтік міндеттемелерді орындау болып табылады.

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мақсатында мемлекет тарапынан жан жақты көмек көрсетілуде.

2022 жылға қаралған қаржы

млн. теңге

Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру шығыстары

Әлеуметтік саланың негізгі басымдығы аймақ азаматтарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемелерін орындау болып табылады.

мың.теңге

Атауы	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Барлық шығындар:	**10 156 269,8**	**2 799 204,0**	**2 865 637,0**
Әлеуметтік қамсыздандыру	3 377 985,8	573 920,0	609 629,0
Әлеуметтік көмек	6 060 860,7	2 000 413,0	2 028 487,0
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	717 423,3	224 871,0	227 521,0

Сонымен қатар, төмендегі қосымша шығындар ескерілді:

Ағымдағы нысаналы трансферттер:

Жалақы төлеудің жаңа жүйесі бойынша мемлекеттік қызметшілердің еңбек ақысын ұлғайту

нәтижелі жұмыспен қамтуды дамытуға, оның ішінде:

еңбек нарығында сұранысқа ие біліктіліктер мен дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға

«Алғашқы жұмыс орны» жобасы

«Ұрпақтар келісім-шарты» жобасы

Жастар практикасы

«Күміс жас» жобасы

Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту, оның ішінде:

«Инватакси» қызметін дамытуға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру

Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, еңбек ардагерлері және «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 мамырдағы Заңның күші қолданылатын басқа да адамдарға бір реттік әлеуметтік көмек төлеу

Өңірге қажет мамандықтар бойынша әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал тобы қатарынан білім алушы студенттерге әлеуметтік көмек көрсету

Туберкулез ауруының қолдаушы фазасында емделіп жүрген науқастарға әлеуметтік көмек көрсету

Гемобластоздар мен апластикалық анемияны қосқанда гематологиялық аурулармен ауырған диспансерлік есепте тұрған балаларға әлеуметтік көмек көрсету

АИТВ-инфекциясы бар балаларға әлеуметтік көмек

«Бақытты отбасы» аз қамтылған отбасыларды қолдау орталығының қызметін қамтамасыз ету

Халықтың осал топтарына қолдау көрсету үшін ыстық тамақ ұйымдастыру

I топтағы мүгедектерге қызмет көрсететін жеке көмекшінің қызмет ақысы

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге

балаларға кепілдендірілген әлеуметтік пакетке

Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға

Жартылай стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну үшін

Үйден күтім жасау жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну үшін

Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға

техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар Тізбесін кеңейту

мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайту, Spina bifida диагнозымен мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған бір реттік пайдалану катетерлермен қамтамасыз ету

Ымдау тілі маманының қызметін көрсетуге

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға

Нәтижелі жұмыспен қамтуды дамытуға

Жалақыны ішінара субсидиялауға және жастар практикасына

Жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін гранттар

Жастар

Қоғамдық жұмыстар

Мемлекеттік ұйымдардың: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелер, үйде қызмет көрсету, уақытша болу ұйымдары, халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыскерлерінің жалақысын көтеруге

Азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге

Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінен , оның ішінде:

ҚР Ұлттық ұланының 5547 әскери бөлімінің қатардағы сарбазы, Қызылорда қаласында қаза тапқан Қайсаров Мадиярдың отбасына біржолғы материалдық көмек беру үшін

Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру шығыстары

мың теңге

Атауы	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Барлық шығындар:	**1 032 406,2**	**754 643,0**	**771 759,0**
Мәдениет саласындағы қызмет	339 463,4	246 201,0	250 247,0
Спорт	296 835,0	169 752,0	175 152,0
Ақпараттық кеңістік	267 848,0	224 850,0	230 669,0
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге қызметтер	128 259,8	113 840,0	115 691,0

Сонымен қатар, төмендегі қосымша шығындар ескерілді:

Ағымдағы нысаналы трансферттер:

Жалақы төлеудің жаңа жүйесі бойынша мемлекеттік қызметшілердің еңбек ақысын ұлғайту;

Гражданский бюджет на 2022 – 2024 годы

Гражданский бюджет г. Кызылорды на 2022-2024 годы, который содержит информацию об основных показателях бюджета города, параметрах его формирования и направлениях расходования бюджетных средств.

Қызылорда қаласы, Тасбөгет кентінде тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымының құрылысы. Электрмен жабдықтау;

Қызылорда қаласы, Әдельвейс аумағындағы тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы құрылысы. Электрмен жабдықтау;

Қызылорда қаласы, Еңбек аумағындағы тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы құрылысы. Электрмен жабдықтау;

Қызылорда қаласы, Арай Шұғыла ауданындағы тұрғын үй секторының инженерлік инфрақұрылымы құрылысы. Электрмен жабдықтау;

Қызылорда қаласындағы, Ақжарма ауылдық округіндегі тұрғын үй секторының инженерлік инфрақұрылымы құрылысы. Электрмен жабдықтау.

Қызылорда қаласы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту және жайластыру. Қызылорда қаласы Қорқыт Ата аэропорты терминалы құрылысының сыртқы инженерлік жүйесінің жоба- сметалық құжаттамаларын әзірлеп мемлекеттік сараптамадан өткізу;

Қызылорда қаласы, Сырдария өзенінің сол жағалауы №3 мөлтек ауданында жаңадан бой көтеретін алты 7 этажды 84 пәтерлі тұрғын үйдің инженерлік жұмыстарына (ауыз су және кәріз су, аула аралық жұмыстары мен телефон желісі, жылу жүйесі, электр жүйесі) жоба -сметалық құжаттамасы мен сараптама корытындысын әзірлеу,

Сырдария өзенінің сол жағалуында орналасқан 40 пәтерлі 16,17 тұрғын үйлердің инженерлік желілерінің (Ауыз су және кәріз желісі, жылу желісі, газ желісі, электр желісі, Абаттандыру және телефон желісі) жоба-сметалық құжаттамасын мемлекеттік сараптамасымен әзірлеуге,

«Қызылорда қаласы, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №2-ші мөлтек ауданында орналасқан 5 қабатты 10 тұрғын үйлердің инженерлік инфрақұрылымы құрылысы. Абаттандыру және телефон желілері» жобасының ЖСҚ-сын әзірлеу

«Қызылорда қаласы, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №2-ші мөлтек ауданында орналасқан 5 қабатты 10 тұрғын үйлердің инженерлік инфрақұрылымы құрылысы. Ауыз су және кәріз желілері» жобасының ЖСҚ-сын әзірлеу

«Қызылорда қаласы, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №2-ші мөлтек ауданында орналасқан 5 қабатты 10 тұрғын үйлердің инженерлік инфрақұрылымы құрылысы. Газ желілері» жобасының ЖСҚ-сын әзірлеу

«Қызылорда қаласы, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №2-ші мөлтек ауданында орналасқан 5 қабатты 10 тұрғын үйлердің инженерлік инфрақұрылымы құрылысы. Жылу желілері» жобасының ЖСҚ-сын әзірлеу

«Қызылорда қаласы, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №2-ші мөлтек ауданында орналасқан 5 қабатты 10 тұрғын үйлердің инженерлік инфрақұрылымы құрылысы. Электр желілері» жобасының ЖСҚ-сын әзірлеу;

Қызылорда қаласы, СПМК-70 ауданындағы Болашақ баубақша серіктестігінің инженерлік инфрақұрылым желілерін дамыту. Электрмен жабдықтау; қоса қаржыландыру

Қызылорда қаласында Орбита ауданындағы тұрғын үй секторының инженерлік инфрақұрылымы құрылысы. Электрмен жабдықтау қоса қаржыландыру;

«Қызылорда қаласы, Тасбөгет кентінде тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымының құрылысы. Электрмен жабдықтау» жобасын қоса қаржыландыру;

«Қызылорда қаласы, Сабалақ елді мекеніндегі тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы құрылысы. Электрмен жабдықтау» жобасын қоса қаржыландыру;

«Қызылорда қаласы, Сабалақ елді мекеніндегі тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы құрылысы. Электрмен жабдықтау» жобасын қоса қаржыландыру;

«Қызылорда қаласы, Әдельвейс аумағындағы тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы құрылысы. Электрмен жабдықтау» жобасын қоса қаржыландыру;

«Қызылорда қаласы, Еңбек аумағындағы тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы құрылысы. Электрмен жабдықтау» жобасын қоса қаржыландыру;

«Қызылорда қаласы, Арай Шұғыла ауданындағы тұрғын үй секторының инженерлік инфрақұрылымы құрылысы. Электрмен жабдықтау» жобасын қоса қаржыландыру;

«Қызылорда қаласындағы, Ақжарма ауылдық округіндегі тұрғын үй секторының инженерлік инфрақұрылымы құрылысы. Электрмен жабдықтау» жобасын қоса қаржыландыру.

«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту, оның ішінде:

Қызылорда қаласы Қарауылтөбе ауылдық округінде 150 орындық ауыл клубының құрылысы;

Қызылорда қаласы Талсуат ауылдық округінде 150 орындық ауыл клубының құрылысы;

Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту, оның ішінде:

«ҚР ҰҚК ШҚД /шекара қорғау департамент/ аумағының қоршауларын салу» жобасының жоба-сметалық құжаттамасын мемлекеттік сараптамадан өткізу;

«Қызылорда қаласында АТҚ, /азық түлік қоймасы/көкөніс сақтайтын қоймалар салу» жобасының жоба-сметалық құжаттамасын мемлекеттік сараптамадан өткізу;

«Қызылорда қаласында ППҚ /пәтерлік пайдалану қызметі/ қоймасын салу» жобасының жоба-сметалық құжаттамасын мемлекеттік сараптамадан өткізу;

«Қызылорда қаласында ЗАҚ/зымыран атқыш қару/ қоймасын салу» жобасының жоба-сметалық құжаттамасын мемлекеттік сараптамадан өткізу;

«ОЖО аумағының қоршауларын салу» жобасының жоба-сметалық құжаттамасын мемлекеттік сараптамадан өткізу.

Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау, оның ішінде:

Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы 50 пәтерлік №34 тұрғын үйдің құрылысына»;

Қызылорда қаласының СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталы 50-пәтерлі №1 тұрғын үй құрылысы,

Қызылорда қаласының СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталы 50-пәтерлі №2 тұрғын үй құрылысы,

Қызылорда қаласының СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталы 50-пәтерлі №3 тұрғын үй құрылысы,

Қызылорда қаласының СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталы 50-пәтерлі №4 тұрғын үй құрылысы,

Қызылорда қаласының СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталы 50-пәтерлі №5 тұрғын үй құрылысы,

Қызылорда қаласының СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталы 50-пәтерлі №6 тұрғын үй құрылысы,

Қызылорда қаласы СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталында 50 пәтерлі №7 тұрғын үй құрылысы,

Қызылорда қаласы СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталында 50 пәтерлі №8 тұрғын үй құрылысы,

Қызылорда қаласы СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталында 50 пәтерлі №9 тұрғын үй құрылысы,

Қызылорда қаласы СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталында 50 пәтерлі №10 тұрғын үй құрылысы,

Қызылорда қаласы, Сырдария өзенінің сол жағалауы №3 мөлтек ауданында жаңадан бой көтеретін алты 7 этажды 84 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысының жоба-сметалық құжаттамасына,

Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №2-ші шағын ауданында орналасқан 5 қабатты, 11 тұрғын үйлердің құрылысының жоба-сметалық құжаттамаларын әзірлеуге,

Тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру, оның ішінде:

Қызылорда қаласының СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталында 50-пәтерлі №1 тұрғын үй құрылысы;

Қызылорда қаласының СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталында 50-пәтерлі №2 тұрғын үй құрылысы;

Қызылорда қаласының СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталында 50-пәтерлі №3 тұрғын үй құрылысы;

Қызылорда қаласының СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталында 50-пәтерлі №4 тұрғын үй құрылысы;

Қызылорда қаласының СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталында 50-пәтерлі №5 тұрғын үй құрылысы;

Қызылорда қаласының СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталында 50-пәтерлі №6 тұрғын үй құрылысы;

Қызылорда қаласының СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталында 50-пәтерлі №7 тұрғын үй құрылысы;

Қызылорда қаласының СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталында 50-пәтерлі №8 тұрғын үй құрылысы;

Қызылорда қаласының СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталында 50-пәтерлі №9 тұрғын үй құрылысы;

Қызылорда қаласының СПМК-70 ауданындағы №2 тұрғын кварталында 50-пәтерлі №10 тұрғын үй құрылысы;

«Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №2-ші шағын ауданында орналасқан 5 қабатты, 10 тұрғын үйлердің құрылысы. (Сыртқы инженерлік желілерсіз). 50 пәтерлі тұрғын үй»;

«Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №2-ші шағын ауданында орналасқан 5 қабатты, 10 тұрғын үйлердің құрылысы. (Сыртқы инженерлік желілерсіз). 40 пәтерлі тұрғын үй»;

«Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №2-ші шағын ауданында орналасқан 5 қабатты, 10 тұрғын үйлердің құрылысы. (Сыртқы инженерлік желілерсіз). 50 пәтерлі №3,4,5,6 тұрғын үй»;

Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №2-ші шағын ауданында орналасқан 5 қабатты, 10 тұрғын үйлердің құрылысы. (Сыртқы инженерлік желілерсіз). 40 пәтерлі №7,9,10 тұрғын үй»;

«Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №2-ші шағын ауданында орналасқан 5 қабатты, 10 тұрғын үйлердің құрылысы. (Сыртқы инженерлік желілерсіз). 60 пәтерлі тұрғын үй».

Инженерно-коммуникационный инфраструктуры жилого сектора в жилом районе Байтерек г. Кызылорда. Строительство водозабора с бурением скважин;

Строительство инженерной инфраструктуры с/т Болашак, в районе Болашак, г.Кызылорда. Электроснабжение;

Строительство инженерной инфраструктуры жилого сектора в районе Орбита в г. Кызылорда. Электроснабжение;

Строительство инженерно-коммуникационной инфраструктуры жилого сектора в поселке Тасбогет, г.Кызылорда. Электроснабжение;

Строительство инженерно-коммуникационной инфраструктуры жилого сектора на территории Эдельвейс, в г. Кызылорда. Электроснабжение;

Строительство инженерно-коммуникационной инфраструктуры жилого сектора на территории Енбек, в г. Кызылорда. Электроснабжение;

Строительство инженерной инфраструктуры жилого сектора в районах Арай Шугыла, г. Кызылорда. Электроснабжение;

Строительство инженерной инфраструктуры жилого сектора в аульном округе Акжарма, в г. Кызылорда. Электроснабжение.

Разработка ПСД проекта «Строительство инженерной инфраструктуры 84-квартирного, 7 этажных 6-ти жилых домов в микрорайоне №3 на левобережной части р. Сырдарья в г. Кызылорда. Водопровод, канализация, электричество, тепловые сети»

Разработка ПСД проекта «Строительство инженерной инфраструктуры двух 40-квартирных и одного 60 квартирного жилых домов по улице Жаппасбай батыра для жителей проживающих в аварийных жилых домах в г. Кызылорда. Водоснабжения,канализация, газ, тепловые сети, электричество»

Разработка ПСД проекта «Строительство 5-этажных 10-ти жилых домов в микрорайоне №2 на левобережной части р. Сырдарья в г. Кызылорда»

Разработка ПСД проекта «Строительство инженерной инфраструктуры 5-ти этажных 10-ти жилых домов в микрорайоне №2 на левобережной части р. Сырдарья в г. Кызылорда. Благоустройство и телефонизация»

Разработка ПСД проекта «Строительство инженерной инфраструктуры 5-ти этажных 10-ти жилых домов в микрорайоне №2 на левобережной части р. Сырдарья в г. Кызылорда. Водоснабжение и канализаций»

Разработка ПСД проекта «Строительство инженерной инфраструктуры 5-ти этажных 10-ти жилых домов в микрорайоне №2 на левобережной части р. Сырдарья в г. Кызылорда. Сети газоснабжения»

Разработка ПСД проекта «Строительство инженерной инфраструктуры 5-ти этажных 10-ти жилых домов в микрорайоне №2 на левобережной части р. Сырдарья в г. Кызылорда. Тепловые сети»

Разработка ПСД пректа «Строительство инженерной инфраструктуры 5-ти этажных 10-ти жилых домов в микрорайоне №2 на левобережной части р. Сырдарья в г. Кызылорда. Сети электроснабжения»

Софинансирование проекта «Строительство инженерной инфраструктуры с/т Болашак, в районе Болашак, г.Кызылорда. Электроснабжение»;

Софинансирование проекта «Строительство инженерной инфраструктуры жилого сектора в районе Орбита в г. Кызылорда. Электроснабжение»;

Софинансирование проекта «Строительство инженерно-коммуникационной инфраструктуры жилого сектора в поселке Тасбогет, г.Кызылорда. Электроснабжение»;

Софинансирование проекта «Строительство инженерно-коммуникационной инфраструктуры жилого сектора в населенном пункте Сабалак, г. Кызылорда. Электроснабжение»;

Софинансирование проекта «Строительство инженерно-коммуникационной инфраструктуры жилого сектора на территории Эдельвейс, в г. Кызылорда. Электроснабжение»

Софинансирование проекта «Строительство инженерно-коммуникационной инфраструктуры жилого сектора на территории Енбек, в г. Кызылорда. Электроснабжение»;

Софинансирование проекта «Строительство инженерной инфраструктуры жилого сектора в районах Арай Шугыла, г. Кызылорда. Электроснабжение»;

Софинансирование проекта «Строительство инженерной инфраструктуры жилого сектора в аульном округе Акжарма, в г. Кызылорда. Электроснабжение».

Развитие социальной и инженерной инфраструктуры в сельских населенных пунктах в рамках проекта «Ауыл - Ел бесігі, в том числе:

строительство сельского клуба на 150 мест в аульном округе Караултобе, города Кызылорда;

строительство сельского клуба на 150 мест в аульном округе Талсуат, города Кызылорда;

Развитие объектов государственных органов, в том числе:

проведение ГЭ проектно-сметной документации проекта «Строительство ограждения территории ДПС КНБ РК»;

проведение ГЭ проектно-сметной документации проекта «Строительство складов овощехранилища, ПФС в городе Кызылорда»;

проведение ГЭ проектно-сметной документации проекта «Строительство склада КЭС в городе Кызылорда»;

проведение ГЭ проектно-сметной документации проекта «Строительство склада РАВ в городе Кызылорда»;

проведение ГЭ проектно-сметной документации проекта «Строительство ограждения территории УТЦ».

Проектирование и (или) строительство, реконструкция жилья коммунального жилищного фонда, в том числе:

Строительство 50 квартирного жилого дома №34 на левебережной части реки Сырдария города Кызылорда;

Разработка ПСД проекта «Строительство 84 квартирного, 7 этажных 6-ти жилых домов в микрорайоне №3 на левобережной части р. Сырдария в г. Кызылорда»

Разработка ПСД проекта «Строительство 5-этажных 10-ти жилых домов в микрорайоне №2 на левобережной части р. Сырдарья в г. Кызылорда»

Строительство 50 квартирного жилого дома №1 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда

Строительство 50 квартирного жилого дома №2 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда

Строительство 50 квартирного жилого дома №3 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда

Строительство 50 квартирного жилого дома №4 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда

Строительство 50 квартирного жилого дома №5 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда

Строительство 50 квартирного жилого дома №6 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда

Строительство 50 квартирного жилого дома №7 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда

Строительство 50 квартирного жилого дома №8 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда

Строительство 50 квартирного жилого дома №9 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда

Строительство 50 квартирного жилого дома №10 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда

Кредитование районных (городов областного значения) бюджетов на проектирование и (или) строительство жилья, в том числе:

Строительство 50 квартирного жилого дома №1 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда;

Строительство 50 квартирного жилого дома №2 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда;

Строительство 50 квартирного жилого дома №3 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда;

Строительство 50 квартирного жилого дома №4 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда;

Строительство 50 квартирного жилого дома №5 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда;

Строительство 50 квартирного жилого дома №6 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда;

Строительство 50 квартирного жилого дома №7 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда;

Строительство 50 квартирного жилого дома №8 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда;

Строительство 50 квартирного жилого дома №9 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда;

Строительство 50 квартирного жилого дома №10 в жилом квартале №2 в районе СПМК-70 г. Кызылорда;

Строительство 5-ти этажных 10 жилых домов в микрорайоне №2 левобережной части реки Сырдарья в г. Кызылорда. (Без наружных инженерных сетей). 50 кв. жилой дом;

Строительство 5-ти этажных 10 жилых домов в микрорайоне №2 левобережной части реки Сырдарья в г. Кызылорда. (Без наружных инженерных сетей). 40 кв. жилой дом;

Строительство 5-ти этажных 10 жилых домов в микрорайоне №2 левобережной части реки Сырдарья в г. Кызылорда. (Без наружных инженерных сетей). 50 кв. жилой дом №3,4,5,6;

Строительство 5-ти этажных 10 жилых домов в микрорайоне №2 левобережной части реки Сырдарья в г. Кызылорда. (Без наружных инженерных сетей). 40 кв. жилой дом №7,9,10;

Строительство 5-ти этажных 10 жилых домов в микрорайоне №2 левобережной части реки Сырдарья в г. Кызылорда. (Без наружных инженерных сетей). 60 кв. жилой дом.

Әйелдің жұмысын жеңілдеткен кәсіп

Қазір қай дүкенге бара қалсаңызда, сөрелерде жартылай дайын тамақтың түрлері өте көп. Жұмысбасты сондай-ақ студенттерге бұл таптырмайтын мүмкіндік. Тек дайын дүниені үйге барып, пісіре саласыз. Бұл да заманның, технологияның жылдан-жылға дамып келе жатқанының бір дәлелі.

Ерекше айта кету керек, осы жылдың тамыз айынан бастап Қызылорда қаласында «Айша-Бибі» кәсіпкерлік нысаны жартылай фабрикатталған өнімдерді дайындап, қала тұрғындарына ұсынуда. Мұнда түшпара, манты самса, жайма және басқа да өнімдер дайындалады. Жеке кәсіпкер Ұлпан Жаппасбаева биыл кәсібін кеңейту мақсатында «Микробизнес Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығынан» 6 пайыздық мөлшерлемемен 5 млн теңге көлемінде жеңілдетілген несие алды. Аталған қаржыны кәсіпкер өндіріске қажетті заманауи құрал-жабдықтармен жабдықтауға жұмсаған.

Қазіргі кезде цехта жартылай фабрикатталған өнімнің 11 түрін өндіріп, қаладағы 20-дан астам бөлшек сауда желілерін қамтамасыз етуде. Бүгінде цехта 5 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Айта кету керек, кәсіпорын өнімі жергілікті тұрғындарға тиімді бағада «Айша-Бибі» сауда маркасымен сатылуда.

– Кәсіп бастағанда тек үш түрлі өнім шығардық. Қазіргі кезде әлеуметтік желіде парақша ашып, тұтынушылармен тұрақты байланыс орнатудамыз. Ал бүгінде қала тұрғындарына едәуір танылып, халықтың сұранысына сай 11 өнімге дейін шығарудамыз. Бүгінде бізде күніне әр тауар түрінен 10-15 кг өнім өндіріледі. Ең жоғары сұранысқа ие өніміміз – тұшпара мен жайма. Олардың сапасын куәландыратын лицензия алдық. «Ақырын жүріп, анық бас» демекші, алдағы уақытта кондитерлік өнім түрлерін шығаруды да жоспарлаудамыз, – дейді кәсіпкер.

Бұл өз кезегінде өңірімізде шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандардың санын ұлғайтуға, өнім көлемін арттыруға, жалпы өңір экономикасының одан әрі дамуына өзіндік ықпалын тигізбек. Бір сөзбен айтқанда, жартылай дайын тағам өндірісі кәсіп көзіне айналып тұр.

Расында, кәсіп ашқысы келетін нәзік жандарға қолдау, жан-жақты іздену, білім алу, жол сілтеу керек-ақ. Мұндай игі бастама аймақтың қыз-келіншектерін алға жетелері анық. Өйткені арамызда екі қолға бір күрек таппай жүрген әйлдер қаншама. Десе де кез келген істі бастағанда айқын мақсат қойып, тәуекелге бел буып, алған бетінен қайтпай, алға қадам басатындар да аз емес. Бүгінде осындай жетістікке жеткен әрбір әйелді көріп көңіл қуанады.

Мәселен, Қызылорда облысында соңғы 5 жылда 5961 қызкеліншек «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқып, біліктілігін арттырған. Бүгінде оның 3089-ы жеке кәсіппен айналысады екен.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

ҚАЙТА ҚЫЛМЫС ЖАСАУ ДЕҢГЕЙІН ТӨМЕНДЕТУ

Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің мәліметінше, сотталғандардың қайта қылмыс жасауына олардың түзу жолға түсуге деген ниетінің жоқтығы, тұрақты жұмыс орнының болмауы, ішімдікке салынуы түрткі болады. Сондай-ақ қылмысқа барудағы алғашқы салдарды анықтап қарағанда, көбіне сотталғандардың әлеуметтік бағыттан алшақтауынан, яғни тұрмыстық проблемаларының дұрыс жолға қойылмағандығынан қайта қылмыс жасау орын алады.

Осы проблемаларды шешу үшін және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатындар және босатылғандардың, сонымен қатар пробация қызметінің есебіндегі тұрғандардың өміріне қатысуға қоғамдық және мемлекеттік ресурстарды тарту, жоғалтқан әлеуметтік-қажетті байланыстарды қалпына келтіру, олардың тарапынан қылмыстың қайталануын алдын алу, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаннан кейін оның мәселелерін шешуге қажет қызмет түрін айқындау үшін Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіруді және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатындар және босатылғандарды, сонымен қатар пробация қызметінде есепте тұрғандарды қайта әлеуметтендіру және қайта оңалту орталығының жұмысын ұйымдастыру» мемлекеттік әлеуметтік жобасы Қызылорда облысында бірнеше жылдан бері жүзеге асыруда. 2022 жылдың маусым айынан бастап осы әлеуметтік жобаны «Жігер» Қызылорда облысы мүгедектерінің қоғамдық бірлестігі атқарып келеді.

Әлеуметтік жобаны сапалы атқару мақсатында «Жігер» Қызылорда облысы мүгедектерінің қоғамдық бірлестігі «Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігінің Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесімен Ынтымақтастық туралы меморандум жасалды. Әлеуметтік жобаға Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің Пробация қызметінде (Қызылорда қаласы, 7 аудан қоса), №37 (ЗК169/4) мемлекеттік мекемесінде, №60 (ЗК169/5) мемлекеттік мекемесінде есепте тұрғандар, Қызылорда облысы полиция департаментінде есепте тұрған ҚР ҚК 63 бабына сәйкес шартты түрде сотталғандар және ҚР ҚК 72 бабына сәйкес жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған азаматтар тартылды.

2022 жылдың маусым-қараша айларында 60 аса іс-шара ұйымдастырылды. 2022 жылдың 22 маусым күні «Қоғамдық келісім» КММ Достық үйінің мәжіліс залында «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатындар және босатылғандарды, сонымен қатар пробация қызметінде есепте тұрғандарды қайта әлеуметтендіру және қайта оңалту орталығының жұмысын ұйымдастыру» мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың түсаукесері ретінде дөңгелек үстел өтті. Онда шақырылған барлық мекеменің жауапты қызметкерлеріне жобаның мақсат – міндеті түсіндірілді.

Жоба психологтары Жаңағүл Тлеуова, Қарлығаш Қойшыбаева «Көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру», «Жетістікке жету жолдары», «Дағдарыстан шығу жолдары» тақырыбында психологиялық тренингтер ұйымдастырды, жеке психологиялық қабылдаулар өткізді, азаматтарға психологиялық көмек көрсетті. Жұмыспен қамту орталығының мамандары, кәсіпкерлер палатасының өкілдері «Жұмыспен қамту. Әңгімелесуден қалай өту керек?», «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларды әлеуметтендіру және олардың құқықтарын қорғауды іске асыру», «Жеке кәсіпкерлікті қалай ашу керек?», «Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға несие алу шарттары» тақырыбында кездесулер мен кеңес берулер ұйымдастырылды.

Жоба аясында есепте тұрған азаматтарға жұмыспен қамту мәселесі, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу, мемлекеттік қызметтерді алу, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардан анықтамаларын және құжаттарын рәсімдеуге заңғерлік көмектерін беру бойынша сүйемелдеу жұмыстарын жүргізді

Жоба заңгері М.Жұмаділаев құқықтық кеңес беріп, есепте тұрған азаматтардың құқықтары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді, тәжірибелік көмек көрсетті, арнайы шығарылған ақпараттық-танымдық кітапшалар таратты. Жоба аясында үш азамат жұмысқа орналысты. Есепте тұрған азаматтардың арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 20-дан аса шахмат, дойбы, нарды, футбол, волейбол спорт түрлері бойынша жарыстар ұйымдастырылды, жеңімпаздар мен қатысушылар дипломдар мен бағалы сыйлықтармен марапатталды. Азаматтарға рухани азық болатын мәдени шаралар Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейіне экскурсия, концерт, караоке батл, қазақтың салт дәстүрлері туралы «Салт пен сана» кітабының авторы Алдашбаев Сәкен Мінуарұлымен кездесу ұйымдастырылды. Есепте тұрған азаматтардың отбасылық, тұрмыстық, әлеуметтік, психологиялық жағдайларын зерделеу мақсатында сауалнама жүргізілді. Есепте тұрған үш азамат жұмысқа орналастырылды. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатындар және босатылғандар, сонымен қатар пробация қызметінде есепте тұрған азаматтардың әлеуметтік портретін әзірледі.

Жобаға Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің Пробация қызметінде есепте тұрған (жеті ауданымен қоса алғанда) – 366, №37(ЗК169/4) мемлекеттік мекемесінде есепте тұрған – 373, №60(ЗК169/5) мемлекеттік мекемесінде есепте тұрған – 176, Полиция департаментінде есепте тұрған – 50 азамат, барлығы 965 азамат тартылды. Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің, полиция департаменті басшыларының түсініктемесі қарап, қолдауы арқасында жоба нәтижелі жүзеге асты.

Мұрат ЖҰМАДІЛАЕВ,
жоба жетекшісі

ТУҒАН ЕЛІН ТУ ЕТКЕН, ТУҒАН ЖЕРІН ЖЫР ЕТКЕН АҚЫН

«Мәңгілік елдің алтын адамы» немесе сәтті сахналанған премьера

Қарашаның 23-ші жұлдызында қызылордалықтар театрға қарай ағылды. Бұл күні руханият ордасында Иран-Ғайыптың «Мәңгілік елдің алтын адамы» атты драмалық дастанының тұсаукесер қойылымы өтті. Кешкі сағат 19:00-де басталады деген премьераға жарты сағат бұрын бардық. Театрдың алды да, іші де көрерменге толы екен. Сыр бойындағы өнерді қадір тұтатын жанның бәрі сонда десек, артық айтқандық емес. Бұл бір жағынан Сыр халқының Иран-Ғайыптай ақынына құрметі болса, екінші жағынан өнерге, соның ішінде театр тарландарына көрсеткен қолдауы еді.

Межелі уақытында қойылым басталды. Сахна да ерекше кейіппен әрленген. Алтын түстес үлкен қос қақпа орнатылған. Төрде хан сарайындай зәулім үй тұр. Сарай ішінің өзі он тоғызыншы ғасырды бедерлейтін затқа толы. Әртістердің киімі, жүрген жүрісі, тұрған тұрысы,

тіпті тұла бойы еріксіз өткен ғасырларға назар аудартады. Қобыздың қоңыр үнімен үндескен жыраудың көмейден шыққан дауысының өзі айрықша. Ерекше көрініс, айрықша сипат, жыраудың жырымен басталған тәлімді қойылым. Бірден жүректі қозғайды, тарихқа зер салдырады. Жерлесіміздің 75 жылдық мерейтойына орай сахналанған шығармада он тоғызыншы ғасырдағы қазақ ауылындағы жанжалға ұласқан оқиға суреттеледі. Бұл істі шешуге келгенде билер де бітісе алмайды. Не істемек керек? Арғынбай – өз баласы. Құлқа – өз баласынан да ардағы. Қазынадай анасын тел емген Екі батыр жан алысып, жан берісіп жатыр... Осылайша суреттелетін қойылым көрерменін ә дегеннен өзіне елітіп әкетті. Ашудың айдауына еріп, көздерінде кектің оты кернеген екі елдің арасына тоқтау жасау – ерге бергісіз қасиет. Тәуекелге бел байлап, дәстүрді дәріптеп, ұлттық құндылықтарды ұлықтаған Қазына ана «Алтын адамға» айналып шыға келеді. Спектакльдің негізгі идеясы да осы. Осындай қиын-қыстау кезеңде жұртты қырғыннан құтқарған Арғынбай батырдың анасы Қазынаның соңғы шешімі болады. Ол ұлын өлтірген Құлқаны өлтіртуден бас тартады, тіпті билердің күн алу шешіміне де қарсы болады. Сөйтіп, Арғынбайдың жалғыз ұлына Төс пен Құлқаның жалғыз қызы Қамқаны қосып, екі жақты бітістіреді.

Мәңгілік ел халқының бүгінгі достығын, бірлігі мен ынтымақтастығын насихаттайтын драма қазақ аналарының ұлылығына бас идіреді. Көрермен зор ықыласпен қабылдаған қойылым соңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мерейтой иесін құттықтады.

– Сыр өңірі – Түркі әлемінің аңызы, ортақ абызы Қорқыт бабаның, туған халқына жерұйық іздеген Асан Қайғының, найзалы батырлар мен найзағай ақындардың Отаны. Бұл сапты қазақтың қабырғалы қаламгері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, арқалы ақын, дарынды драматург, Сырдың сәнқақ перзенті Иранбек Әбітайұлы жалғайды. Исі қазақтың сүйіктісіне айналған заманының заңғары Мұқағали Мақатаев туралы жазған қаламгерлер көп-ақ. Бірақ ақынмен үзеңгілес жүріп, тіні үзілмес жыр жазған

Басы 1-бетте

Иран-Ғайыптан басқаны атау қиын. Өлең сөздің шын бағасын беретін халық Иран-Ғайып ақынды Мұқағалимен мұңдас болғаны үшін де көкке көтеретіні рас. Тәуелсіз елімізде тұңғыш өткен жазба ақындар жыр-мүшәйрасының бас жүлдегері болуы да Иран-Ғайыптың ақындық дарыны мен арынын айғақтайды. Кітапханалар сөресінен оқырман қолына ұдайы көшетін ақын өлеңдері ең көп оқылатын шығармалар саналады. Сіз бір дәуір ақындарының ұстазына айналдыңыз. Сіздің қазақ өлеңіне салған дара олжаңызбен бірге ұлттық драматургияға қосқан үлесіңіз де ерекше зор, – деді аймақ басшысы.

Сонымен бірге ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың құттықтау хатын оқып, облыстың Құрмет грамотасын тапсырды. Ақын мен оның жарына ұлт дәстүрімен сый-сияпат жасады.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемировтің режиссерлігімен сахналанған тарихи қойылымның басты рөлдерінде Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің иегері Бақытбек Алпысбай, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Залипа Төлепова, Мәдениет саласының үздіктері Арай Көшімбаев, Ұғым Баймаханов секілді белгілі артистер ойнады.

«Менен басым бір ақын туар бәлкім, Сенен асқан өзен жоқ жер бетінде»

«Мәңгілік елдің алтын адамы» сынды рухты спектакльмен басталған Иран-Ғайыптың мерейтойлық шаралары «Топырағыңды басқаным, тау асқаным» атты шығармашылық кешпен жалғасты.

Сырдариясынан артық өзеннің жер бетінде жоқ екенін жырға қосқан ақынның өлеңдерінен тебіреністі де, күніреністі де көруге болады. Айшықты теңеуі бөлек, оқыған жанның айызы қанатындай иірімі бөлек туындылар поэзияға құмар талайды елітіп кетері сөзсіз.

– Өріле бер, өлеңім, өріле бер,
Таңғы шықтай мөлтілдеп төгіле бер.
Төмендемей бұл жолда өрге серпі,
Ұсынатын болса жыр төрін егер, – деп бір кездері өлең жайлы тебіренген ақын тағы бір өлеңінде:

«...Қормын талыс талайға,
Күйтіме –
Жан сүйінбес:
Ақын басы,
Алайда,
Кесілгенмен,
Иілмес!..», – деп ақын біткенінің өр мінезін жыр етеді.

Жетпістің бесеуін толтырып, өлең өлкесінде өзіндік қолтаңбасымен даралаған Иранбек Оразбаев (Иран-Ғайып) 1947 жылдың 7 маусымында Қызылорда облысының Сырдария ауданында туған. Ол 1970 жылы Қазақ политехникалық институтының тау-кен факультетін, 1980 жылы Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы жоғары әдеби курсты бітірген. Әр жылдары Қызылорда облысы «Білім» қоғамында референт, «Жазушы» баспасында редактор, «Қазақ әдебиеті» газеті редакциясында поэзия бөлімінің меңгерушісі, ҚР Білім, мәдениет комитетінің редакциялық репертуарлық коллегиясының бас редакторы қызметтерін атқарды. 1998 жылдан Қазақтың мемлекеттік Ғ.Мүсірепов атындағы Жастар мен балалар театрының әдебиет бөлімін басқарды.

Иранбек ақынның «Жүрек жырлайды» атты жыр жинағы 1974 жылы жарық көрді. Қаламгердің «Тың құрбаны», «Хайуандық комедия», «Күшігінен таланған», «Мен ішпеген у бар ма?», «Батқан кеменің бейбақтары», «Желжуан», «Құдай қарғағандар», «Жамбылдың қызыл жолбарысы», «Негізгі шаруа», «Қанына тартқан қыңырлар», «Алтын адам», «Алтын ажал», «Киелі күнә», «Хан-Абылай-Сабалақ», «Жәбекшаған», «ГүлНәр», «Театр Романы», «Қорқыттың көрі», «Мауглидің оралуы», «Махамбет», «Қашғария», «Былыққа батқан қала», «Керкеткен» атты драмалық дастандары бар. Бірнеше кітабы орыс тіліне аударылса, 1990 жылы үш томдық, ал 2006 жылы 13 томдық таңдамалысы оқырмандар қолына тиді.

Иран-Ғайып атақ-даңқтан да кенде емес. Қарапайымдылығынан танбаған ақын, драматург, ҚР Мемлекеттік сыйлығының және «Парасат» орденінің иегері, «Платиналы Тарлан» тәуелсіз сыйлығының лауреаты екенін көпшілік жақсы біледі.

Ақынның Сыр төрінде өткен жыр кешіне жары Дариға Амангелдиева, ақын, филология ғылымдарының докторы, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің және халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып, мәдениет саласының ардагері, ҚР Мәдениет қайраткері төсбелгісінің иегері Сәрсенкүл Ибрашовамен Сырдағы зиялы қауым мен өлеңсүйер көпшілік қатысты.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрының актері Ербол Есендосов ақынның пьесаларынан монолог, драмалық шығармаларынан үзінділер оқып көпшіліктің көңілінен шықты. Кеш барысында Сыр өнерпаздары ақынның сөзіне жазылған ән-жырдан шашу шашты.

Ал біз Иранбек Оразбаевтың өлеңімен бастаған мақаламызды:

« – О, Ел-Ана,
Жазғырма –
Рухани қарыны ашқан баланды?!
Қара шашың қуарғанын сеземін,
Ақ мамаңның
Суалғанын сеземін...

...Сезе-сезе –
Көзім жасы көл болып,
Өкпем өшіп,
Өртенеді өзегім!», – деген өлеңімен аяқтағанды жөн көрдік. Өйткені Иран-Ғайыптай ақын әлі де болса руханият әлемінен алары көп, дүйім елге бергенінен берері көп қаламгер.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

ҚАРА ӨЛЕҢНІҢ ҚҰЛАГЕРІ

Ақынды еске алу кешінде облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемов сөз алып, сырға толы ақын шығармашылығының өзіндік ерекшелігіне тоқталды.

– Сыр бойы таланттарға кенде емес. Талант – Тәңірден. Қазақ поэзиясы деген алып көштің ішіндегі таланттар шоғырында ақын Әскербек Рахымбекұлының өзіндік әлемі бар. Ақын шығармашылығы туралы белгілі ғалым, профессор Бағдат Кәрбозұлы кезінде «Әскербектің әсемдік әлемі» атты монография жазды.

Ғалым талантты ақынның қазақ поэзиясындағы өзіндік қолтаңбасына талдау жасаған еді. Расында, ақын Әскербек Рахымбекұлы қазақ поэзиясына өзінше жаңалық, ерекше түр енгізді. Ақынның өлеңінде төрт шумақ болса, сол төрт тағаны да түгел ұйқасып жатады. Уақытында ақын-жазушылар үшін мәртебелі саналған «Жалын» жабық бәйгесінде екі мәрте бас бәйгені жеңіп алғанының өзі оның ақындық талантын айтқызбай-ақ байқатады, – деді ол.

Ал ақын Махмұтбай Әміреұлы ақын досы өмірден озғалы жалғызсырап жүргенін жасырмады. Әңгімесі таусылмайтын сырлас досты сағынғанын жеткізді.

– Әсекең екеуміз 60 жылдай бірге жүрдік. Әрдайым әңгімеміз жарасып, ойымыз бір жерден шығып жататын. Ол сексенге жетпеді. Алайда оның артында мәңгілік жырлары қалды, – дейді сырлас досы.

Қазақстан Жазушылар одағының облыстық филиал төрағасы Қаржыға Есімсейітова ақын ағаның өзіне жыр-бата бергенін еске алып, оның нәзік иірімдерге толы жырларының жүректен-жүрекке жететінін атап айтты.

Ақынның адами болмысын, қарапайымдылығы мен кішіпейілдігін сыйласып жүріп, ізгі қасиетіне тәнті болғанын досы, белгілі ғалым Қазыбай Құдайбергенов тебірене еске алды. Ақынның бары да, бақыты да өлеңі болғанын, оның бойындағы асыл қасиет өлеңдерінен де сезіліп тұратынын жеткізді. Талант иесінің қызығы мен шыжығы мол студенттік жылдарында бірге оқып, бірге пәтер жалдап, бір үзім нанды бөліп жеген жан досы Зинабдин Шермағамбет ақынның өз өлеңдерін жатқа оқитын қасиетін, досқа адал, ортада сыйлы, қашанда сырбаз, мәдениетті қалпын жоғалтпағанын, тіпті мақтау-марапаттан биік болған асыл қасиетін үлгі етті.

«Ол менің өмір мектебіндегі ұстазым болды» деген ақын Дүйсенбек Аяшұлы қолына диплом алған, сары ауыз балапан шағында облыстық «Сыр бойы» газетіне жұмысқа шақырғанын, оның ағалық қамқорлығы үшін шәкірті ретінде қарыздар екенін тебірене жеткізді. Сырбаз ағадан жас буынның бойына сіңірген үлгілі ісі аз болмапты. Айналасын сөзбен емес, ісімен тәрбиелеген ұстаз бола білгені де еске алу кешінде атап айтылды. Оның қарапайымдылығы, сабырлығы, адамгершілігі мен ізгілігінің сәулесі айналасын самаладай жарқырата түскені ақынның еске алу кешіне жылулық сыйлағандай әсер берді.

Талантты ақын Шәкизада Әбдікәрімов оның қара өлеңге өзіндік өрнек салғанын атап айтты. Еске алу кешінде бірнеше мәрте айтылған оның ізгі қасиеттері мен сыпайылығы, ешкімді ренжітіп алмайын деген сырбаз мінезі нәзік қаламынан төгілген өлеңдерінде өшпенділік жоқ екенін, айтар назын тігісін жатқыза жеткізіп, адамзатқа ой салатын ойлы өлеңдерінің ешқашан өлмейтіні еске алу кеші тағы бір дәлелдей түсті.

...Бөлектеніп барамыз
бөрілердей,
Бөлек жүрсек бөркіміз көрінердей» – деген өлең жолдарының өзі-ақ талайды ойландырып тастайтыны белгілі.

Шәкизада Әбдікәрімов мысал еткен ақын Есенғали Раушановтың: «Табиғат тазару үшін жаңбыр керек, адамдар тазару үшін ақын керек» деген сөзі кешке жиналған көрерменді бей-жай қалдырмасы анық. Бұл кештен көпшілік ой түйіп, рухани демалып шықты.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА
Суретті түсірген
Н.НҰРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3737 **Тапсырыс №2001**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА